

### **3. Балғабай, 2-курс**

**Ғылыми жетекшісі: Г. Ж. Жолкенова, оқытушы**

**(Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі)**

## **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ**

Тіл — қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз де болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тіл мен сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Тіл — халықтың жаны. Тілі құрыса, халықта жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі, алдымен, тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр.

Тіл — тарих тереңіне бойлатып, өнер мен мәдениеттің кәусар бұлағына сусындататын рухани әлеміміздің сарқылмас қазынасы. Ана тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қолданылу аясын кеңейте түсу қажеттігі -бүгінде заңды құбылыс болып табылмақ.

Қазақстан Республикасының негізгі тілі — мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу — біздің әрқайсысымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау - өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз. Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес соңғы жүз жылда бірде-бір толас тапқан жоқ. Ұлы Абайдың заманын айтпағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған алып топ тіл мәселесіне ерекше мән беріп, оның шексіз байлығын, суреткерлік қуатын, бейнелігі мен саздылығын көркемдік сапаға жеткізіп еді. Бүгінде сара жолды жалғастырып, тілдің қолданылу аясын барған сайын кеңейтіп, оны шын мәніндегі қоғамдық қарым-қатынас тілі ету — заман талабына айналып отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», — дейді халық даналығы. Ендігі мақсат — тәуелсіз мемлекетіміздің қоғамдық өмірінің барлық саласында қазақ тілін кеңінен қамтамасыз ету. Осы орайда, бүгінде мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгергенін айта кеткен жөн. Бұл мәселе қоғамда түсіністік пен қолдау тауыпта отыр. Алайда, бүгінде қол жеткізген нәтижелерге қарамастан, мемлекеттік тіл әлі де аударма тіл ретінде қолданылып келеді.

Ұлты қазақ, мемлекеттік қызметшілердің арасында ана тілдерінде сөйлейтіндері әлі де аз. Егер олар қызмет етіп жүрген мекемелерінде тілдік ортаны қалыптастырса, мемлекеттік тілді оқыту орталығынан дәріс алып жүрген қызметтестерінің қазақ тілін игеруіне көп ықпал етпей ме?! Ал, бізде бәрі керісінше: екі қазақ отырып, тілі келсін-келмесін, орысша шүлдірлеп сөйлеседі. Ана тіліміздің мәртебесін өзіміз осылайша аяққа бассaq, онда өзге ұлт өкілдерінен қазақ тілін оқып-үйреніндер, сол тілде сөйлеңдер деп қалайша талап ете аламыз?

Өз сөзінде Елбасы Н.Назарбаев: ... Қазақстанның жастары мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар — өз қызметтеріңді қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек», — деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Елбасымыздың «Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім

беруде қолданылуы үшін бәрін істеу қажет» — деп атап айтқан пікірі баршамыздың берік ұстанатын қағидамыз болуы тиіс. Шыңғыс Айтматов: «Тіл жоқ жерде ұлт жоқ деген» екен. Сондықтан, қазақ тілі осындай кеңпейілді, ұлты қазақ ұлты бар екендігінің айғағы екендігін ұмытпай, тілімізді дамыту, оның мәртебесін көтеру — әрбір саналы азаматтың парызы деп білген жөн. Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы болашағы, шығар биіктері саяси-экономикалық факторлармен қатар, оның мемлекеттік тілі — қазақ тілінің де дамуына тікелей байланысты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі Ата Заңымызда анық айқындалған.

Елбасымыз да «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде!» деп атап көрсетті. Сонымен қатар тілімізді құқықтық тұрғыдан бекіткен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң және Елбасы Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бар. Осы заң актілері әрбір Қазақстан азаматы үшін бұлжытпай орындалуға тиісті құжат болып табылады. Біз қандай жағдайда да, қай кезде де өзге тілдердің дамуына еш нұқсан келтірмей, оларға деген мемлекеттік қолдау — қамқорлық аясын тіпті де тарылтпай отырып, қалай дегенде де Қазақстан Республикасы мемлекетінің негізін құраушы, ел-жер иесі қазақ халқының ұлттық тілі — қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің мүддесін мейлінше кең көздеуге мән беретініміз белгілі. Бұл — әр қазақстандықтың қастерлі парызы. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» Заңның жүзеге асу барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударарымыз анық. Өйткені, қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бір бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебені талап ете алады.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі — ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да — тіл. Ол — қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұңғандай. Тіл — ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры — баршаның қолында. Ұлттығымыздың негізгі нышаны — қазақ тілін қолданысқа енгізуді үздіксіз талқылап, түйінді мәселелердің шешімін тауып, 2030 жылға дейін мемлекеттік тілге толық көшуге серпінді әрекеттер жасау — басты мақсат болып табылады.